

Сүзгілер

Электрлік сүзгілер деп - конденсатор мен индуктивтілік орамадан тұратын, қоректендіргіштің белгілі бір жиіліктік спектріндегі немесе бірнеше жиіліктік диапазондағы сигналдарын қабылдағышқа қарай өткізетін төртұштықты айтады.

Электрлік сүзгілер байланыста, радиотехникада телевидениеде және үлкен токтар техникасында кеңінен қолданады. Олардың жұмыс істеу принципі, біріншіден, индуктивті кедергінің X_L жиілікке тура пропорционал, сыйымдылық кедергінің X_C жиілікке кері пропорционал болатындығына, екіншіден, индуктивті элементтегі ток кернеуден 90° кеш қалатындығына, ал сыйымдылық элементтегі ток кернеуден 90° озатындығына негізделген.

Сүзгілер өткізетін жиіліктік спектрлерлеріне байланысты

4 түрге бөлінеді:

Төменгі жиіліктік

Жоғары жиіліктік

Көп алаңдық

Бөгеттік

Олар К-типті және М-типті сүзгілер, көпірлік сүзгілер, индукциясыз RC-сүзгілер, кварцтік сүзгілерге бөлінеді.